#КӘСІБИ МЕРЕКЕ

Түлікке талмай емші болғандар

құрметке бөленген күн

Арайлым ОРСАРИНОВА
ШҚО ветеринария басқармасы

Өткен жылдан бастап елімізде 10 шілдеде ветеринариялық қызметкер күні атап өтілуде. Кәсіби мереке күні Өскеменде облыстағы тұрақты эпизоотиялық ахуалдың сақталуы және ветеринария саласындағы өзекті мәселелер талқыланған семинар өтті. Жиын барысында облыстық ветеринария басқармасының үздік қызметкерлері, ардагерлер мен Глубокое, Ұлан, Самар, Тарбағатай аудандарынан келген білікті мамандарға салтанатты түрде мемлекеттік марапат, облыс әкімі Нұрымбет Сақтағановтың атынан алғыс хаттар мен «Ветеринарияның құрметті қызметкері» төсбелгісі табысталды.

САЛАДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

«Дөңгелек үстел» форматында ұйымдастырылған семинар барысында ветеринария саласындағы өзекті мәселелер ортаға салынды. Жиында облыстық ветеринария басқармасының басшысы Рамиль Сағындықов өңірдегі эпизоотиялық жағдай туралы баяндама жасап, үй жануарларында кездесетін аурулардың алдын алу және жою, мал шаруашылығы өнімдерінің сапасын арттыру, сондай-ақ, тұрғындарды адамдар мен жануарларға ортақ аса қауіпті ауру түрлерінен қорғау бағытында атқырылған жұмыс барысымен таныстырды.

– Мемлекеттік қолдау аясында биыл ветеринария саласына 1,9 млрд теңге қаржы бөлінсе, соның 470 млн теңгесі – республикалық бюджеттен берілетін трансферттер. Бұдан бөлек, эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүйесін күшейтіп, ветеринарлық қызметтің материалдық-техникалық базасын нығайтуға қосымша қаржы бөлу қарастырылған. Мәселен, соңғы 12 жылда алғаш рет ауылдық елді мекендерде орналасқан ветеринарлық пункттер мен коммуналдық кәсіпорындарға бес жылға дейінгі мерзімге лизинг арқылы қызметтік автокөлік сатып алуға қаржылай қолдау көрсетілді. Енді арнайы тоңазытқыш қондырғылары мен қажетті ветеринариялық құралдармен жабдықталған 112 автокөлік алу жоспарлануда, – деп атап өтті Рамиль Сағындықов.

Семинарда «ШҚО Ветеринариялық дәрігерлері» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Есенгелді Бәкімбаевтің «Ветеринария саласындағы проблемалық мәселелер және оларды шешу жолдары» және «Восток молоко» корпорациясының ветеринарлық дәрігері Серік Күдебаевтің «Бруцеллез – Шығыс Қазақстан облысы үшін негізгі эпизоотиялық қауіп. Жұқпалы індетпен күресудің оңтайлы жолы» тақырыбындағы баяндамалары тыңдалып, жан-жақты талқыланды. Мамандар өзара пікір алмасып, ұсыныстарымен бөлісті.

Рамиль Сағындықовтың айтуынша, оң динамикаға қарамастан, өңірдегі мал шаруашылығының дамуына басты кедергі – бруцеллез. Қазір аймақта бруцеллез ауруын жұқтырған 500-ге жуық мал басы анықталып отыр. Бұған жауапты ветеринарлық қызмет тарапынан инфекция ошағын жою бойынша тиісті шаралар қабылдануда.

Соңғы жылдары бруцеллез ауруының тіркелуі төмендегенімен, бұл тек Қазақстанда ғана емес, көршілес мемлекеттерде де кең таралған, мемлекеттік деңгейдегі мәселе. Осы орайда мал дәрігерлері бруцеллезге қарсы күресте нормативтік-құқықтық базаның кейбір тұстары заман талабына сай келмейтінін атап өтіп, оларға елеулі өзгерістер енгізудің қажеттігін алға тартты. Қазіргі таңдағы қолданыстағы заңнама – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің № 587 бұйрығымен бекітілген және ғылыми негізделген құжат.

Бұл тұрғыда ветеринарлар диагноз қою әдістері мен қан алу аралықтарының мерзімдері; екпе салу уақыты мен әдістері; вакцинаны таңдау құқығы; дезинфекция, дезинсекция, дератизация сияқты санитариялық іс-шараларды жүргізуге қатысты заңнама ережелерін қайта қарап, нақтылау қажет деп есептейді.

Мамандардың пікірінше, осы талаптарға тиісті өзгерістер енгізу – ветеринариялық шаралардың тиімділігін арттырып, қауіпті індеттің алдын алуға мүмкіндік береді.

Бұған қоса мал дәрігері мамандығының жастар арасында беделі жоқ және тартымсыз. Сол себепті ауылдық елді мекендерде көбінесе зейнеткер ветеринар-мамандар көп. Кадр тапшылығымен қоса, ауылдардағы ветеринарлық пункттердің басым бөлігі санитариялық талаптарға сай келмейді. Тіпті, көпшілігінің жеке ғимараты да жоқ. Мысалы, қазір облыс аумағында жұмыс істейтін 99 ветеринарлық пункттің тек 38-і ғана жеке ғимаратта орналасқан. Ал 36-сы әкімдік ғимараттарында, 18-і – ауыл шаруашылығы құрылымдарының кеңселерінде, 7-еуі – жеке меншік үйлерде орын тепкен.

Әсіресе, ауылдық елді мекендердегі малдәрігерлік пункттерде электр жарығы, интернет, жылу, сумен жабдықтаудың болмауы да проблемалы мәселе қатарында. Қалыптасқан жағдай халықтың ветеринарлық қызметке деген сенімін төмендетіп, мал ауруларын уақтылы анықтап, алдын алуға кері әсерін тигізуде.

ЭПИЗООТИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТҰРАҚТЫ

Бүгінде облыс аумағында 157 мал өлекселерін көму орны мен 101 сібір жарасы көмілген орын бар. Жыл сайын өлекселерді көму орындарына 10 миллион теңгеден астам қаржы бөлінуде. 2024 жылы 52 млн теңге сібір жарасы көмілген орындарды қалпына келтіруге жұмсалған. Қазіргі уақытта 83 нысанның 62-сі санитарлық талаптарға сай делінеді. Индикативтік жоспарға сәйкес, қосымша 57 өлекселерді көму орны қажет. Осыған орай 2025 жылы 22, ал 2026 жылы 23 нысан салу жоспарланған.

Жалпы, шекара маңындағы аумақтарды кешенді дамыту бағдарламасы аясында 746 млн теңгеге 45 өлекселерді көму орнын салу көзделіпті. 2023 жылы Катонқарағай ауданында 106 млн теңгеге алты орын салынды. 2024 жылы үш нысан (Тарбағатай ауданында – бір, Ұлан ауданында – екі) тұрғызылса, 2025 жылы сегіз нысан (Күршім ауданы – бес, Тарбағатай ауданы – үш) салу қарастырылған.

Қазіргі таңда облыс бойынша 356 елді мекенге 56 арнайы сою орны (19 сою пункті және 37 сою алаңы) тіркелген. Бұған қосымша тағы 27 санитариялық алаң ұйымдастыру қажеттілігі бар екен.

Басқарма басшысының ақпараты бойынша, жануарлар саулығын үнемі тексеріп, профилактикалық шараларды дер кезінде жүргізудің арқасында бүгінде облыстағы эпизоотиялық жағдай тұрақты. Қазіргі уақытта аса қауіпті жұқпалы ауру ошақтары тіркелген жоқ. Облыс көлемінде қауіпті індеттерге қарсы ветеринарлық-профилактикалық шаралар бекітілген жоспарға сәйкес жүргізілуде.

ҮЗДІК МАМАНДАР МАРАПАТТАЛДЫ

Ветеринария қызметкерлерінің кәсіби мерекесі күні өткен жиын барысында жануарлар денсаулығы мен тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге баға жетпес үлес қосып жүрген білікті мамандар мен ардагерлерге салтанатты түрде мемлекеттік марапат және облыс әкімі Нұрымбет Сақтағановтың атынан алғыс хаттар, Ветеринария және азық-түлік қауіпсіздігі республикалық қауымдастығы заңды тұлғалар бірлестігі атынан «Ветеринарияның құрметті қызметкері» төс белгісі табысталды.

– Сіздердің біліктіліктеріңіз бен еңбектеріңіз – халық денсаулығын сақтап, ауыл шаруашылығы өркендеуінің негізі. Дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге табыс тілеймін! – деді басқарма басшысы өзінің құттықтау сөзінде.

Облыстық ветеринария басқармасының бөлім басшысы Мұхтар Жәнкебаевтің ұзақ жылдар бойы ветеринария саласында атқарып келе жатқан өлшеусіз еңбегі еленіп, өз ісіне адалдығы, кәсіби шеберлігі мен жоғары біліктілігі үшін III дәрежелі «Еңбек Даңқы» орденін иеленді. Атап өтелік, «Еңбек Даңқы» орденінің иегерлері мәртебесі бойынша «Қазақстанның Еңбек Ері» атағына ие болған адамдарға теңестіріледі.

Өткен жылы Қазақстанда 10 шілде Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығымен ветеринариялық қызметкер күні ретінде кәсіби мерекелер тізіміне енгізілді. Бұл күні «Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасының бірінші заңы қабылданған. Аталған мереке биыл елімізде екінші рет атап өтілуде.

Ветеринариялық қызметкер күні – бұл күрделі де жауапты мамандықты таңдаған жандарға алғыс білдіріп, олардың еңбегін бағалауға арналған айтулы күн. Аталған сала мамандарының жоғары кәсіби біліктілігі, жанқиярлық еңбегі мен көп деңгейлі өзара тиімді ынтымақтастығы – жыл өткен сайын ветеринариялық қызметтің қоғамдағы беделін арттыра түсуде.

«Ветеринарияның құрметті қызметкері» төсбелгісімен – *Е. Бәкімбаев, С. Райымханов, Ж. Оразалин, С. Құрманғалиева, Қ. Чилибаев, С. Мамажанов, Е. Қалиахметов, К. Терин, Қ. Ибраев, Ж. Тұрабаев, О. Қашыбаев, Ә. Ақтаев, М. Жәнкебаев, Қ. Өскенбаев, С. Савина;*

Эпизоотиялық салауаттылықты қамтамасыз ету ісіндегі жоғарғы кәсіби шеберлігі мен елеулі еңбегі үшін ШҚО әкімі Нұрымбет Сақтағановтың алғыс хатымен – *А. Волкова, Б. Бөкембаев, А. Бастайлақов, Н. Әтекенева, М. Тоқтасынов, Т. Қабышева, А. Қабдуллинова;*

ШҚО әкімінің орынбасары Дархан Сапановтың атынан арнайы алғыс хатпен – *С. Күдебаев пен А. Аганасова марапатталды.*